

## **Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің (ХҚЖДБ) қалпына келтіру займын пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 18

Халықаралық Қайта жаңарту мен Даму Банкі Қазақстан Республикасына берген қалпына келтіру займы қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Халықаралық Қайта жаңарту мен Даму Банкі арасындағы қалпына келтіру займы бойынша 180 млн. АҚШ доллары сомасына 1993 жылғы 15 қазандағы N 3649 KZ Келісімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бекіткені еске алынсын.

2. Алдын ала белгіленген ділгерлік импорт үшін 86 млн. АҚШ доллары сомасында қаражат бөлу қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қалпына келтіру займы қаражатының түсуі мен пайдаланылуы республикалық бюджет арқылы жүзеге асырылатын болып белгіленсін. Бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ оларды дер кезінде өтеу жауапкершілігі қалпына келтіру займы шегінде мұқтаждарына валюта қаражаты бөлінген Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының бірінші басшыларына жүктеледі.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, он күн мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне займ қаражатын қайтару тетігі жөнінде ұсыныс енгізісін;

осы займды өтеу кестесіне сәйкес 1994 жылдан бастап жыл сайынғы бюджет жобаларында проценттер төлеуге, ал 1991 жылдан - проценттер мен негізгі қарызды қайтаруға қажетті қаражат көзделсін;

1994 жылдан бастап жыл сайын бюджет жобаларында осы займ қаражатының пайдаланылуын тексеретін халықаралық тәуелсіз аудиторлық фирманың қызметіне ақы төлеуге қажетті қаражат көзделсін.

94 миллион АҚШ доллары сомасындағы осы займның валюта бөлігін пайдалану тәртібі туралы он күн мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісім жасассын;

кеден декларацияларын, 1993 жылғы 1 маусымнан 22 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі басқа да қосымша құжаттарды жинауды және ай сайын оларды есеп берілетін айдан кейінгі келесі айдың 15-не дейін қалпына келтіру займы жөніндегі Келісім шарттарына

сәйкес валюта бөлігін іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттікке тапсыруды қамтамасыз етсін.

4. Техникалық көмек займын іске асыруға қатысушы министрліктер мен ведомстволар есепті айдан кейінгі келесі айдың 10-на дейінгі мерзім займ қаражатының пайдаланылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттікке тоқсан сайын есеп беріп отырсын.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ай сайын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттікке валюта биржасындағы (коммерциялық банктерге валюта аукциондарында валюта сату мөлшерін қоса) валюталық артықшылықтардың жалпы сомасы туралы әр айдың 15-не дейін ақпарат беріп отырсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы

Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттік:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мемлекеттің сыртқы қарызын жиынтықтап есептеу үшін алдын-ала белгіленген ділгерлік импорт жөніндегі займ бөліктерінің пайдаланылу барысы туралы тоқсан сайын ақпарат беріп отырсын;

займ қаражатын пайдалану есебін жүргізсін, сондай-ақ осы мәселе бойынша Халықаралық Қайта жаңарту мен Даму Банкіне есеп беріп отырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 4 қаңтардағы  
N 18 қаулысына  
қосымша

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЗАЙМЫ

Жауапты ұйымдар бойынша стандартты импорт  
бөлігін бөлу

---

Жауапты ұйымдар		Мақсаты		АҚШ
		долларындағы		

Энергетика және отын ресурстары министрлігі	Энергетика	
"Мұнайгаз" компаниясы	Өзен кен орнында мұнай өндіруге арналған босалқы бөлшектер мен пайдалану жабдықтары	30
"Өзенмұнай" МГӨБ		
Ауыл шаруашылығы министрлігі	Ауыл шаруашылығы	
"Кұнарлылық" компаниясы	Өсімдіктерді аурудан қорғайтын химикаттар	30,8
"Қазмалдәржабдық" РБ	Мал дәрігерлік көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер	8,2
	Тамақ өнеркәсібі	
"Кең дала" компаниясы	Орағыш материалдар	2
"Тағам" компаниясы	Тамақ шикізаты	6
Көлік министрлігі	Көлік	
"Рама" АҚ	Көлік құралдарының қолдағы парктерін қамтамасыз етуге арналған материалдар мен босалқы бөлшектер	4
Денсаулық сақтау министрлігі	Денсаулық сақтау	
"Фармация" компаниясы	Дәрі-дәрмек пен вакциналар, дәрі-дәрмек өндіруге арналған шикізат	4
"Медтехника" АҚ	Медициналық жабдықтар	1